



Шымкент университеті
Сапа менеджмент жүйесі
“Экология және биология” ғылыми зерттеу
институты туралы ереже

беті. 1 из 7



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ» ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ШУ ҚЕ 04-03-01-2023

қызметі	қолы	A.Ж.Т.
Келісілді:		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Зан қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.

қызметі	қолы	A.Ж.Т.
Әзірлеғен:		

Күжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>27</u> » <u>10</u> <u>2023</u> ж. « <u>27</u> » <u>10</u> <u>2026</u> ж. дейін ұзартылды: « <u> </u> » <u>20</u> <u> </u> г.	Енгізілді: № <u>22</u> -Нұбұйрық Енгізілген күні: « <u>27</u> » <u>10</u> <u>2023</u> ж.	СМЖ ШУ ҚЕ 04-03-01-2023 Басылым 2 Тіркеу № <u>14</u> Көшірме № <u>1</u>
--	---	--



Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 ФЗИ құрылымы	3
3 ФЗИ негізгі міндеттері	4
4 ФЗИ қызметтері	4
5 ФЗИ құқықтары	5
6 ФЗИ жауапкершілігі	5
7 Басқа бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы	5
А қосымшасы Танысу парагы	6
Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парагы	7



1 Жалпы ережелер

1.1 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты - Шымкент университетінің ғылыми-зерттеу жұмыстарды ұйымдастыратын құрылымдық бөлім болып табылады.

1.2 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты бөлімі өз қызметіне Қазақстан Республикасының күші бар заңдарын, ҚРБЖФМ-нің нормативтік-құқықтық құжаттарын, университет ректорының бүйрықтары мен өкімдерін басшылыққа алады.

1.3 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институтының директоры университет ректорының бүйрығымен қызметке қабылданады және босатылады.

1.4 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты ШУ-дың ғылыми Кеңесінің шешімі мен университет ректорының бүйрығымен ұйымдастырылады, қайта құрылады және таратылады.

1.5 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты директоры қызметіне ғылыми атағы немесе ғылыми дәрежесі бар тұлға тікелей басшылық жасайды.

1.6 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты өз қызметін стратегиялық даму жоспары мен жылдық жоспар негізінде жүзеге асырады.

1.7 Кафедраның жұмыс барысы, шешімдер қабылдау «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты мәжілісінде қаралады, мәжіліс жылдық жоспарға сәйкес бір немесе екі айда бір рет, оны институт қызметкерлерімен бірлесе отырып, институт директоры жүргізеді. Мәжіліске басқа кафедралар мен ЖОО-ның қызметкерлері мен студенттері, сонымен қатар мекемелер мен ұйым өкілдері шақырыла алады.

1.8 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты өзіне қарасты барлық жұмыс түрлерінің орындалу мазмұны, ұйымдастырылуы мен әдістемесі құжат түрінде көрсетіліп, ШУ-дың істер-номенклатурасына сәйкес сақталады және жүргізіледі.

1.9 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институтының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі СТ ҚР 1158-2015 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2 ғЗИ құрылымы

2.1 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты университет ректоры бекіткен штаттық кестеге сәйкес келесі мамандардан тұрады:

- директор;
- аға ғылыми қызметкер;
- кіші ғылыми қызметкер.



3 ҒЗИ негізгі міндеттері

«Экология және биология» ғылыми зерттеу институты міндетті:

- 3.1 Білім алушыларды ғылыми-зерттеуді ұйымдастыру және жүргізуге үйрету;
- 3.2 Ғылыммен айналысатын білім алушылардың жұмысына жағдай жасау;
- 3.3 «Биология», «Экология» мамандықтарының білім алушыларының ғылыми жұмыстарына жетекшілік ету;
- 3.4 Зертханалардағы зерттеу құрал-жабдықтардың жұмыс атқару жағдайының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3.5 Өндірістік және ғылыми ғылыми мекемелермен ғылыми достастық және шаруашылық келісім шарттар түзу;
- 3.6 Инновациялық және өндірістік бағыттар бойынша қажетті кеңестерді беру;
- 3.7 Басты ғылыми мәселелер бойынша ғылыми дәңгелектер столдар мен конференцияларды ұйымдастыру;
- 3.8 Зерттеу нәтижелері бойынша бұхаралық ақпарат құралдарында жарнамалық, дәріптеу және насиҳаттау бағыттарында жариялау жұмыстарын ұйымдастыру;
- 3.9 Ғылыми жобалардың диссертацияларды, заңнамаларды рецензиялауға қатысу.

4 ҒЗИ қызметтері

«Экология және биология» ғылыми зерттеу институты келесі қызметтерді орындауды:

- 4.1 Университеттегі барлық қызметкерлердің, білім алушылардың ғылыми, ғылыми-өндірістік және инновациялық іс-әрекеттерін үйлестіреді;
- 4.2 Фундаментальді, қолданбалы, ізденістік ғылыми жұмыстарды біріктіре отырып координациялады.
- 4.3 Фундаментальді, қолданбалы, ізденістік тақырыптарды жаңа және жогары деңгейде жүргізеді;
- 4.4 Iрі ғылыми мәселелерді шешуді ғылыми орталықтармен және өндірістік мекемелермен келісім шарт негізінде ғылыми ынтымақтастықты орнатады;
- 4.5 Университеттің ғылыми-зерттеу базасын нығайтуды және басқа зерттеу орталықтармен байланысты күштейді;
- 4.6 Университет бөлімдерін күтілімдегі ғылыми-зерттеу мәселелерімен уақтылы хабардар етеді.



5 ФЗИ құқықтары

«Экология және биология» ғылыми зерттеу институты құқылы:

5.1 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институты өз жұмыстарын жүргізу және жағдайларын жақсарту мақсатында ұсыныстар енгізу;

5.2 Университет басшылығынан бөлімнің құқықтары мен міндеттерінорындауға көмек көрсетуге ықпал етуін талап етуге;

5.3 Бекітілген стандартқа сәйкес университет бұйрықтарымен,тапсырмаларымен және т.б. әкімшіліктің жүктемелерімен келіспеуге;

5.4 Басқа құрылымдық бөлімдермен байланыса отырып оқу процесін жетілдіру және мамандар дайындаудың сапасын жоғарлату мәселелерін қарастыруға;

5.5 «Экология және биология» ғылыми зерттеу институттың құжаттарын есепке алуға,сақтауға, жүргізуін, қолданылуын қамтамасыз етуге.

6 ФЗИ жауапкершілік

«Экология және биология» ғылыми зерттеу институты жауапты:

6.1 Ғылыми зерттеу жұмыстар бойынша қажетті қамтамасыз ету мақсатында қажетті құрал-жабдықтарға сұраныс беруге;

6.2 Институтқа жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындауға;

6.3 Өз құқығының дұрыстығы мен толықтығы үшін.

6.4 Алынған ақпараттардың құпиялышының сақтамағаны үшін.

6.5 Институт қызметкерлері қызметтік этиканы сақтамағаны үшін.

6.6 Институт қызметкерлері қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтамаған жағдайда.

6.7 Осы құрылымдық ережені және заңды күшіндегі құқықтық актілерде қарастырылған міндеттерін орындаған жағдайда.

6.8 Институттың қызметтік міндеттерін орындау процесінде Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» кодексінде көзделген басқада бұзықшылықтары үшін.

7 Басқа бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы

7.1 Институт университет ректорының ауызша және жазбаша түрде берген тапсырмаларын орындауды.

7.2 Институт университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен өзара әрекеттеседі.



Шымкент университеті
Сапа менеджмент жүйесі
“Экология және биология” ғылыми зерттеу
институты туралы ереже

беті. 6 из 7

А қосымшасы (міндетті)

Танысу парагы



Шымкент университеті

Сана менеджмент жүйесі “Экология және биология” ғылыми зерттеу институты туралы ереже

беті. 7 из 7

Б қосымшасы (міндетті)

Өзгерістерді тіркеу параграфы

Φ.4.01-07